



Адам құқығы жөнінде Республикалық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 12 ақпан N 1567.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.06.03. N 3009 жарлығымен.

Қазақстан Республикасында адам құқығы мен бостандығы құрметтелуін қамтамасыз ету, олардың сақталуына кепілдіктерді күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Адам құқығы жөнінде республикалық комиссия құрылсын.
2. Адам құқығы жөніндегі Республикалық комиссия мына құрамда бекітілсін:

Асанбаев Ерік Мағзұмұлы - Қазақстан Республикасының Вице-президенті, комиссия төрағасы

Шәйкенов Нағашыбай Аманғалиұлы - Қазақстан республикасының
Әділет министрі, Комиссияның
жауапты хатшысы

Комиссия мүшелері:

Айтбаев Өмірзақ - Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының вице-президенті, филология ғылымының докторы;

Вайдман Леонид Львович - "Феникс" қоғамдық-саяси көркем-әдеби журналының бас редакторы;

Водолазов Виктор Борисович - "Советы Казахстана" газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі;

Гаркавец Александр Николаевич - украин ұлттық-мәдени орталығының басшысы; ұлттық-мәдени құралымдарды қолдау қорының вице-президенті, филология ғылымының докторы;

Жигалов Константин Васильевич - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, тарих ғылымының кандидаты;

Задорожный Николай Васильевич - Ауғанстан соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы;

Кенжетаетаева Роза Ахметбекқызы - Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі;

Козлов Александр Федорович - "Казахстанская правда" газетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі;

Қозыбаев Манаш - Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі;

Михайлов Александр Петрович - "Лад" қоғамдық славян қозғалысының басшысы;

Нұрпейісов Еркеш Қалиұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтының директоры, заң ғылымының кандидаты;

Тәтімов Мақаш Байғалиұлы - Қазақстан Республикалық партиясы төрағасының орынбасары, "Азат" азаматтық қозғалысының төрағасы, педагогика ғылымының кандидаты;

Тохматов Тұрған Қасымұлы - ұйғыр ұлттық мәдени орталығының төрағасы;

Уманов Григорий Абрамович - Абай атындағы Қазақ мемлекеттік

педагогика университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымының докторы, профессор;

Хан Гурий Борисович - ҚМЭБИ Саясаттану және әлемдік саясат кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор.

3. Адам құқығы жөніндегі Республикалық комиссия туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы қаласы, 1994 жылғы 12 ақпан
N 1567

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1994 жылғы
"12" ақпандағы N 1567
Жарлығымен бекітілген

Адам құқығы жөніндегі Республикалық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Адам құқығы жөніндегі Республикалық комиссия /бұдан былай Комиссия/ Қазақстан Республикасы Президентіне есепті және өзінің бүкіл қызметінде оның алдында жауап беретін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің өкілеттіктерін кез келген басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан тәуелсіз, қоғамдық құқық қорғау ұйымдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен күш біріктіре отырып жүзеге асырады.

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Президентіне азаматтардың құқығы мен бостандықтарының сақталуын кепілі ретіндегі өзінің конституциялық міндеттерін орындауына жәрдемдесу;

- Қазақстан Республикасында адамның құқығы мен бостандығының құрметтелуін нығайту және сақталуына кепілдіктерді күшейту;

- адамның құқығы мен бостандығының қамтамасыз етілуі және сақталуы саласында заңдар мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының аумағынан сырт жерлерде жүрген өзінің азаматтарына қатысты қамқоршылығын, олардың құқығы мен бостандығының қорғалуын қамтамасыз етуі жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

- халықаралық құқық және Қазақстан Республикасының Заңдары таныған адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыта беру болып табылады.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды, Қазақстан Республикасының

Конституциясы мен заңдарын, Республика Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комиссияның құзыреті

5. Комиссия:

- Адамның құқығы мен бостандығының бұзылғаны туралы адамдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының Президентіне немесе тікелей Комиссияға жолдаған өтініштерді қарайды;

- жергілікті өкілді және атқарушы органдар адам құқығы мен бостандығының сақталуы мәселелері жөніндегі адамдар мен ұйымдардың өтініштері туралы өз атына жолданған материалдарды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы тиісті жарияланымдарды зерделейді;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруы бойынша айрықша қоғамдық қаупі бар адам құқығын жаппай бұзу оқиғаларын немесе адам құқығына қысым жасаудың жекелеген фактілерін тергеуді ұйымдастырып, соған басшылықты жүзеге асырады;

- адам құқығының сақталуы туралы жыл сайын арнаулы баяндамалар әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Президентіне тапсырады, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша олардың баспасөзде және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын ұйымдастырады;

- адам құқығы саласындағы істің жағдайы туралы парламентті, үкіметті және республиканың жоғары сот билігі органдарын хабарландырып отырады;

- ағымдағы заңдарды саралап отырады, оны Қазақстан Республикасы таныған адам құқығы мен бостандығы туралы халықаралық-құқықтық актілерге сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, адам құқығы мен бостандығы мәселелерін қамтитын заң актілерін әзірлеуге қатысады;

- адам құқығы жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына және олардың тиісті халықаралық-құқықтық құжаттар әзірлеуіне қатысады.

6. Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Комиссия:

- кез келген органдар мен лауазымды адамдардан Комиссияға жүктелген міндеттерді орындауға қажет мәліметтер, құжаттар мен материалдар сұратып алдыруға;

- Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша лауазымды адамдардан түсініктер алуға;

- қолында адам құқығын жаппай немесе өрескел бұзу туралы ақпарат болған жағдайда Комиссия сол ақпаратта аталған органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіне тексеріс жүргізуге;

- қажет болған жағдайда тергеулер мен тексерістер жүргізуге Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік органдарының мамандары мен қызметкерлерін қатыстыруға өкілетті.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Комиссия сұраттырып отырған ақпаратты ешқандай кідіріссіз тәртіп бойынша беруге тиіс. Мемлекеттік құпия болып табылатын ақпараттарды беру "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиясын қорғау туралы" Заңның талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7. Комиссия мүшелері өз қызметінің мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен кез келген органдарда, мекемелер мен ұйымдарда еш кедергісіз болуға қақылы.

8. Комиссияның мәжілістерінде қабылданатын қаулылар мен тұжырымдар Комиссияның шешімдері болып табылады.

Комиссияның қорытындылары өтініштерді немесе тергеулерді қараудың нәтижелері бойынша қабылданады.

Комиссия адам құқығы мен бостандығын бұзу фактісін таныған жағдайда оның қорытындысында құзырына бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру кіретін тиісті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға арналған ұсыныстар болады.

Комиссияның қорытындысын алған мемлекеттік орган немесе лауазымды адам он төрт күннің ішінде Комиссияның ұсыныстарын қарап, қабылданған шешім туралы дәлелді жауап қайтаруға міндетті.

Комиссияның қаулылары мен қорытындылары қажет болған жағдайда оның шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің назарына жеткізілуі мүмкін.

III. Комиссияның құрамы мен оның жұмысын ұйымдастыру

9. Комиссия төрағадан, жауапты хатшыдан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

10. Комиссияның мәжілістерін қажетіне қарай оның Төрағасы шақырады. Комиссия мәжілістері оның құрамының үштен екісінен кем болмайтын мүшелері қатысқанда құқықты болады.